

Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1171 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 7 қыркүйектегі № 661 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.09.2022 № 661 қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабы 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2010 жылғы 8 қарашадағы

№ 1171 қаулысымен

бекітілген

Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу

қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қафіда) Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" (бұдан әрі - Зан) 2007 жылғы 11 қаңтардағы, "Ақпараттандыру туралы" (бұдан әрі - Ақпараттандыру туралы зан) 2007 жылғы 11 қаңтардағы, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы заңдарына сәйкес әзірленген және лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімі (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензияларға және (немесе) лицензияларға қосымшалар туралы мәліметтерді орталықтан жүйелеу мақсатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік тізілімді жүргізу тәртібі

3. Мемлекеттік тізілім оның ажырамас бөлігі болып табылатын лицензиардың электрондық тізілімін (бұдан әрі - Лицензиар тізілімі) жүргізу арқылы құрылады.

4. Лицензиар берілген (өтініш беруден бас тартылған), қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар туралы мәліметтерді қамтитын Лицензиар тізілімін жүргізумен лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың сәйкестендіру нөмірін орталықтандырып құратын қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады.

5. Лицензиар тізілімін жүргізу үшін лицензиар, Заңға сәйкес айқындалған уәкілетті органға және Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес айқындалған Ұлттық операторға (бұдан әрі - оператор) лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар беру, қайта ресімдеу туралы өтініштермен оларға қоса берілген құжаттардың көшірмелерін (бұдан әрі - өтініштер) қарau және мәліметтерді қалыптастыруға жауапты адамдар туралы ақпаратты ұсынады. Оператор осы ақпаратты алғаннан кейін Лицензиар тізілімімен жұмысты қамтамасыз ету үшін есеп жазбаларын құрады.

6. Уәкілетті орган жіктеушілерді, анықтамалықты өзекті жағдайда ұсташа үшін лицензиарлардан қажетті ақпарат алушмен Мемлекеттік тізілімді әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және базалық аландарының мазмұнын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді.

7. Оператор Мемлекеттік тізілімнің қолданбалы бағдарламалық өнімді әкімшілендіруді, техникалық сүйемелдеуді және базалық аландарының мазмұнын өзекті етуді жүзеге асырады.

8. Лицензиар тізілімі мен Мемлекеттік тізілімде көрсетілуі тиіс мәліметтер Заңның 8-бабында көзделген.

9. Лицензиар тізілімі мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) оператор ұсынатын арнайы қолданбалы бағдарламалық өнім арқылы Лицензиар тізілімін қолданысқа енгізгенге дейін берілген қолданыстағы, тоқтатыла тұрған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар жөніндегі мәліметтерді енгізу;

2) электрондық тұрде өтініштерді тіркеу, өңдеу;

3) қағаз тасығыштарда түскен өтініштер жөніндегі мәліметтерді енгізу;

4) лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар туралы мәліметтерді өзге ақпараттық жүйелерден Мемлекеттік тізілімге енгізу немесе керісінше;

5) электрондық лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды немесе оларды беруден дәлелді бас тартуды қалыптастыру;

6) лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған және олардың телнұсқаларын беру жағдайларында мәліметтерді өзекті ету.

10. Мемлекеттік тізілімге рұқсат деңгейі бойынша пайдаланушылар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) жеке және заңды тұлғалар;
- 2) өтініш берушілер және лицензиаттар;
- 3) лицензиарлар;
- 4) уәкілетті орган.

11. Мемлекеттік тізілімде жеке және заңды тұлғалар үшін мынадай функциялар қолжетімді:

1) берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар туралы ақпаратты қарау;

- 2) құқықтық және анықтамалық ақпаратпен танысу.

12. Мемлекеттік тізілімде өтініш берушілер және лицензиаттар үшін мынадай функциялар қолжетімді:

- 1) өтініштерді беру;
- 2) лицензиялық алымды төлеу;
- 3) олар берген өтініштердің мәртебесін көру;
- 4) электрондық лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды не оларды беруден дәлелді бас тартуды алу.

13. Мемлекеттік тізілімде лицензиарлар үшін мынадай функциялар қолжетімді:

1) қағаз тасығыштарда түскен өтініштер, қолданыстағы, тоқтатыла тұрған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар жөніндегі мәліметтерді енгізу;

- 2) электрондық түрде өтініштерді тіркеу, өндеу;

3) мұдделі мемлекеттік органдарға сауалдар жіберу және олардан өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар алу;

4) электрондық лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды немесе оларды беруден дәлелді бас тартуды қалыптастыру;

- 5) өтініштерді мониторингілеу;

- 6) есептілікті қалыптастыру.

14. Мемлекеттік тізілімде өкілетті орган үшін талдамалық, статистикалық есептер қалыптастырылады, сондай-ақ лицензиарлар енгізген берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар жөніндегі мәліметтердің мониторингі жүзеге асырылады.

15. Жеке және заңды тұлғалар, өтініш берушілер, лицензиаттар үшін Мемлекеттік тізілімге рұқсат интернет желісі бойынша "Сыртқы портал" арқылы қамтамасыз етіледі.

16. Уәкілетті орган, лицензиарлар үшін Мемлекеттік тізілімге рұқсат мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы бойынша "Ішкі портал" арқылы немесе ақпараттандыру саласындағы өкілетті органмен келісім бойынша қорғалған байланыс арналарын пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

17. Мемлекеттік тізілімдегі құпиялы ақпаратқа қол жеткізу Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес реттеледі.

18. Лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар туралы мәліметтерді басқа ақпараттық жүйелерден Мемлекеттік тізілімге немесе керісінше берау Ақпараттандыру туралы заңда айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік тізілім тәулік бойы режимінде қол жетімді болуы тиіс.

20. Оператор 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей лицензиарға Мемлекеттік тізілімнің жұмысындағы жоспарланған техникалық үзілістер туралы хабарлап, осындай ақпаратты интернет-ресурста орналастырады.

21. Мемлекеттік тізілімнің жұмысындағы бұзушылықтарды олар туындаған сэттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде оператор жұмыс тәртібімен жояды.

3. Лицензияның сәйкестендіру номірін қалыптастыру

22. Мемлекеттік тізілімде рұқсат берау құжаттарының 3 (үш) санатының есебі жүзеге асырылады:

1) қызмет тұрлериңе арналған лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар;

2) тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты және (немесе) импортына арналған лицензиялар;

3) тауарлардың жекелеген тұрлерінің экспортына және (немесе) импортына арналған лицензиялар.

23. Қызмет тұрлериңе арналған лицензияның сәйкестендіру номірі осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес 8-таңбалы цифрлық форматқа ие жыл бөлінісіндегі лицензияның реттік номірі туралы ақпаратты көрсету жолымен қалыптастырылады.

24. Лицензияға қосымшаның сәйкестендіру номірі осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес 3-таңбалы цифрлық форматқа ие лицензияға қосымшаның реттік номірі туралы ақпаратты көрсету жолымен қалыптастырылады.

25. Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты және (немесе) импортына арналған лицензияның, сондай-ақ

тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға арналған лицензияның сәйкестендіру нөмірлері осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес 16-таңбалы символдық-цифрлық форматқа ие тауар, лицензиар органы, жыл бөлінісіндегі лицензияның реттік нөмірі туралы ақпаратты көрсету жолымен қалыптастырылады.

Ескертпе.

* электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында.

Лицензиялардың мемлекеттік
электрондық тізілімін
жүргізу қағидасына
1-қосымша

Қызмет түрлеріне арналған лицензияның сәйкестендіру нөмірі

XX	XXXXXX
Бірінші фасет	Екінші фасет
Жылдың соңғы екі саны	Өсу тәртібімен алты таңбалы нөмірді беру жолымен қалыптастырылатын лицензияның реттік нөмірі

Ескертпе:

XX XXXXXX,
1-фасет 2-фасет
екі фасет біріктірілген орын
X - сан

Лицензиялардың мемлекеттік
электрондық тізілімін
жүргізу қағидасына
2-қосымша

Лицензияларға қосымшаның сәйкестендіру нөмірі

XXX
Бірінші фасет
Өсу тәртібімен уш таңбалы нөмірді беру жолымен қалыптастырылатын қосымшаның реттік нөмірі

Ескертпе:

XXX,
фасет
бір фасет бар
X - сан

Лицензиялардың мемлекеттік
электрондық тізілімін

Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына және (немесе) импортына арналған лицензияның, сондай-ақ тауарлардың жекелеген турлерінің экспортына және (немесе) импортына арналған лицензияның сәйкестендіру нөмірлері

XXX	YYXX	YYY	XXXXXX
Бірінші фасет	Екінші фасет	Үшінші фасет	Төртінші фасет
Тауар тізімінің (санатының) нөмірі	YYY	Өтінішті тіркеуші мемлекеттің алға 2 коды (Қазақстан Республикасы - KZ)	Уәкілетті орган мөрінің нөмірі (коды)
	XX	Жылдың соңғы екі сан	Осу тәртібімен алты таңбалы тіркеу нөмірін беру жолымен қалыптастырылатын лицензияның реттік нөмірі

Ескертпе:

XXX YYXX YYY XXXXXX,

1-фасет 2-фасет 3-фасет 4-фасет

төрт фасет біріктірілген орын

X - сан

Y - символ